«8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ақжігітова Аққибат Орақбайқызының «Қазақ сөзжасамындағы заттану: семантикалық-коммуникативтік аспект» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Қазақ сөзжасамындағы заттану: семантикалық-коммуникативтік аспект» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	1) ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағыты аясындағы «Білім беру және ғылым саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер», «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» мамандандырылған бағыттарына, «8D023 – Тілдер және әдебиет» бағытындағы «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша дайындалған.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	2) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 Қаулысына сәйкес келеді.
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	3) Зерттеу нәтижелері қазақ тіл біліміндегі сөзжасам, семантика, функционалды лингвистика салаларының тоғысындағы өзекті ғылыми мәселелерді шешуге ықпал етеді. Жұмыс Қазақстан Республикасында тіл саясатын жүзеге асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен жоғары білім және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған

			тұжырымдамасы аясындағы басым бағыттарға сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Зерттеу жұмысының маңыздылығы қазақ тіл білімінің төмендегі мәселелерінің қарастырылуымен негізделеді. Қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесінің ішкі даму заңдылықтарының көрінісі ретіндегі заттану үдерісі қарастырылады. Зерттеуде заттанудың үдерісі заманауи лингвистиканың функционалдық және антропоөзектік парадигмалар аясында кешенді түрде қарастырылады. Соның нәтижесінде заттану арқылы туындаған атаулардың қолданыс жүйесінің мағыналық аясы мен коммуникативтік қызметі айқындалды.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертацияның өзіндік жазу принципі тақырыпты терең түсініп, оған қатысты теориялық еңбектер мен кең көлемді дереккөздерден ғылыми-әдістемелік негізде жинақталған материалды игеру, талдау, жүйелеу нәтижесінде өзіндік тұжырымдарын ұсынуға бағытталған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеудің өзектілігін ашу барысында ішкі бірлік принципін ұстану диссертация мазмұнында тұтастырушылық қызмет атқарады. Соның негізінде қазақ тіл біліміндегі заттану үдерісінің мәні мен қызметінің тар шеңберден шығып, морфология, синтаксис, сөзжасам жүйесінде жан-жақты қарастырылып, семантикалық және коммуникативтік қызметтерінің функционалды аяда айқындалуы зерттеу жұмысының өзектілігін негіздейді.

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Зерттеу жұмысының мазмұнына сай құрылған диссертация құрылымы тақырыпты толық айқындайды. Бірінші бөлімде заттану үдерісінің қазақ, орыс тіл білімінде және түркітануда зерттелуіне ғылыми-талдамалық сипаттама жасалады. Соның негізінде заттану құбылысы номинация теориясы мен сөзжасамдық үдеріс тұрғысынан кешенді түрде қарастырылуына қатысты тұжырымдарын ұсынады. Екінші бөлімде сөз таптарының заттануының семантикалық-коммуникативтік сипаты жан-жақты көрсетіледі. Соның нәтижесінде заттанған сөздердің семантикалық-коммуникативті табиғатына тереңдеу арқылы, мысалы, заттанған сын есімдердің жеті семантикалық модельдері анықталған. Үшінші бөлімде заттанған сөздердің коммуникативтік қызметі тілдің құрылымдық жүйесі және функционалды грамматика салаларымен тығыз байланысты қарастырылады. Сол қатарда көркем мәтіндегі, Абай поэзиясындағы, мақал-мәтелдердегі заттану құбылысының коммуникативтік қызметін негіздейтін ықшамдалу, бағалауыштық, нақтылану, үнемдеу, метафоралану т.б. тәсілдері және ЖИ мәтіндеріндегі заттанған сөздердің жиілік көрсеткіші анықталған.
		1) **айқындайды**;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Белгіленген мақсаты мен міндеттері диссертацияның тақырыбына толық сәйкес келеді. Қазақ сөзжасамындағы заттанған сөздердің мағыналық даму ерекшеліктерін, толық заттану мен контекстік заттанудың айырмасын семантикалық тұрғыдан талдап, қазіргі қолданыс аясын коммуникативтік аспектіде зерттеуге бағытталған ғылыми ізденістің діттеген мақсатына жету үшін
		1) **сәйкес келеді;**	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	

			белгіленген төмендегідей міндеттер диссертацияның тақырыбын ашуға сәйкес келеді: - зат есімнен басқа сөз таптарының заттану деңгейін анықтау арқылы заттану үдерісін қазақ сөзжасамының аясында қарастырылған; - заттану арқылы туған атаулардың ішкі мағыналық құрылымы ашылған; - заттанған сөздерді топтастырып, талдау арқылы олар семантикалық модельдерге жіктелген; - заттану дәрежесін анықтау арқылы уақытша заттанған сөздердің коммуникативтік қызметі ашылған; - көркем мәтіндегі, паремиологиядағы, поэзиядағы, ауызекі тілдегі контекстік заттанған сөздер мен атау деңгейінде заттанған сөздердің мағыналары жүйеленген; - ЖИ құрастырған ғылыми мәтіндердегі заттанған сөздердің жиілік көрсеткіші анықталған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысының, жасалған ғылыми тұжырымдары мен түйіндерінің, қорғауға ұсынылған тұжырымдарының бір логикалық байланысқа құрылған ішкі бірлігі зерттеудің біртұтастығын қалыптастырған.
		1) **<u>толық байланысқан;</u>**	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автордың пікірінше, қазақ тіл білімінде заттану теориясы жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Ғылыми еңбектерде, оқулықтарда жанама түрде аталып, мақала деңгейінде сөз болған. Ғалым орыс тіл білімінде заттану үдерісін семантикалық құбылыс ретінде зерттеген О.В. Редькинаның еңбегіндегі заттануды тілдік және сөйлеу деп екіге бөлгенімен келіспейді. Диссертанттың ойынша, заттану бастапқыда сөйлеу
		1) **<u>сыни талдау бар;</u>**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	

		4) талдау жоқ.	актісінде, нақты коммуникативтік жағдаятта пайда болатын құбылыс болғанымен, қолданыс тәжірибесінде ол узуалданып, тілдік жүйенің құрамына енеді. Сол сияқты, мысалы, кәрі сын есімінің заттануы оның мағынасының тарылуында немесе нақтылануында екені (113 б.), ауыспалы мағынаның заттануын контекстік талдау арқылы метафоралануы (118 б.), Абай өлеңдеріндегі сөздердің заттануын үнем заңы, өлең ұйқасы, ықшамдау, шендестіруге байланысты талдауы (130-131 б.) т.б. зерттеушінің өзіндік шешімдерін көрсетеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу барысында барлық сөз таптарының заттану деңгейінің семантикалық-коммуникативтік аспектілерін ашуға негізделген ғылыми нәтижелер алғаш рет заттану құбылысын грамматика саласында ғана емес, зат есім сөзжасамының бір тәсілі ретінде қазақ сөзжасамы аясында анықталып отыр.
		1) **<u>толығымен жаңа;</u>**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындыларының негізгі жаңалығы көбіне сын есім мен есімшенің аясында ғана сөз болатын сөзжасамдық үдерісін барлық сөз таптарының шеңберінде қарастыруда кешенді де заманауи ғылыми, әдістемелік жүйеге сүйенуімен сипатталады. Атап айтқанда, заттану үдерісінің семантикалық-коммуникативтік қырларын анықтау функционалдық, номинативтік, этнотанымдық аспектілерге мән беруді қажет етеді.
		1) **<u>толығымен жаңа;</u>**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне сәйкес қоғамдық-коммуникативтік кеңістіктің кеңеюі, экономикалық және басқару жүйесіндегі технологиялық жетістіктер қоғамдағы тіл қызметінде заттану үдерісін ғылыми, саяси, қоғамдық-әлеуметтік дискурстарда, публицистикада, т.б.
		1) **<u>толығымен жаңа;</u>**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	функционалды тұрғыдан зерттеп, олардың номинациялық, референциялық қызметтерін анықтауға негізделеді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда **ауқымды дәлелдемелерде негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Зерттеу нәтижесіндегі негізгі қорытындылар қазіргі қазақ тіл білімінде қалыптасқан сөзжасам саласы, функционалды парадигма, прагмалингвистика, этнотанымдық жүйе, үнемдеу заңы сияқты ауқымды лингвистикалық проблемалар аясында айқындалған ғылыми-әдістемелік базаға сүйеніп белгіленген мақсат пен міндеттерге сай кол жеткен нәтижелер арқылы негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін	**1-ереже**. 7.1. Дәлелденген. Қазақ тілінде заттанған сөздердің қолданыста жиі кездесетін мол тілдік дерегі олардың номинативтік үдерісін, семантикалық аясын, коммуникативтік ерекшелігін, сөзжасамдық сипатын кешенді түрде сипаттау арқылы дәлелденген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Ия. Қазақ тіліндегі заттанған сөздер проблемасы алғаш рет зат есім сөзжасам жүйесінде қарастырылған сыни көзқарастырын білдіріп отырады (25, 113 б.). 7.4. Кең. Сөз қолданысы тәжірибесінде ықшамдалу мақсатында коммуникативтік фактор ретінде заттанған сөздердің семантикалық тұрғыдан өзгерісі сөзжасамдық тәсіл ретінде этнотанымдық номинациялардың, терминжасамның қалыптасуында, мәтіндік талдауда кеңінен қолданылады. 7.5. Ия. Тілдік аталым теориясы: заттану негізінде пайда болған туынды сөздер // «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының

		емес.		материалдары. Алматы: Қазақ университеті, 4 сәуір, 2024 жыл. – 401 б. / - 389 б.
		7.4 Қолдану деңгейі:		
		1) тар;		
		2) орташа;		
		3) **кең**		
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.		
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?		
		1) **ия;**		
		2) жоқ		
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.		
				2-ереже. 7.1. Дәлелденген. Қазақ тілінде заттану құбылысының сөзжасам жүйесінде өнімді тәсіл екені олардың атаулану үдерісінің семантикалық-коммуникативтік сипатын кешенді зерттеу арқылы дәлелденген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Ия. Заттану үдерісінің барлық сөз таптарындағы көрінісі модельдер арқылы анықталған. 7.4. Кең. Тілдің дамуы мен қолданыс тәжірибесіндегі динамикалық, функционалдық, сөзжасамдық тәсіл ретінде кеңінен қолданыс табады. 7.5. Ия. М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі есімшелердің адъективтенген, заттанған тұлғалары // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филологиялық серия. – 2024. – № 3. – Б. 18-28. Substantivazation of participle forms in Kazakh word formation // Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – № 4 (169). – Б. 22-32. **3-ереже.** 7.1. Дәлелденген. Зерттеу барысында заттану үдерісіне ықпал ететін факторлар ретінде үнем заңы, мағынаның құбылуы, контекстік мағына, мағынаның кеңеюі, тарылуы, дерексізденуі, т.б. көрсетіліп, негізделген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Ия. Заттану үдерісіне ықпал ететін тілдік факторлар сөзжасам және функционалды парадигма

			аясында жан-жақты қарастырылған. 7.4. Кең. Қолдану деңгейінің кеңдігі заттану құбылысының паремиологиялық жүйеде, этноатаулардың номинациялық жүйесінен бастап, бүгінгі таңдағы сөзжасам, терминжасам үлерістеріне ұласып, жалғасуынан көрінеді. 7.5. Ия. Қазақ паремиологиясындағы заттанған сөздер: семантикасы мен қолданысы // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық серия. – 2024. – № 4. – Б. 81-97. Қараханид кезеңіндегі «Түрік сөздігі»: субстантивация және адъективация // «Қазақ әдеби тілі және нормалардың қалыптануы: теориясы мен тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. Алматы, Қазақстан, 8 қараша, 2024 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 94-102 б.
			4-ереже. 7.1. Дәлелденген. Заттану үдерісіндегі контекстік (уақытша) мағынаның нақты мәтіндік талдаулармен дәйектелуі заттану құбылысының коммуникативтік қызметін ашады. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Ия. Заттану үдерісінің сөзжасамдық, номинациялық мәніне мәтіндік қолданыс барысында уақытша заттық мән берілетінін контекстік талдау нәтижесінде айқындау – тың тұжырым. 7.4. Кең. Контекстік заттану қазіргі таңдағы сөзжасам (жаңа қолданыстар, терминдер, т.б.) мәтіндік, дискурстық талдау тәжірибесінде кеңінен қолданылады. 7.5. Ия. Абай өлеңдеріндегі окказионалды субстантиваттар. // А.Қ. Құсайынов атындағы

				Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – № 4 (154). – Б. 18-31.
			5-ереже.	7.1. Дәлелденген. Қазақ сөзжасамындағы барлық сөз таптарындағы заттану үдерісінің кеңінен қарастырылуы: сын есімдердің, етістіктердің, сан есімдердің заттануының мағыналық модельдерге жіктеуі арқылы дәлелденген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Ия. Заттану дәрежесінің анықталуының семантикалық модельдерге жіктеліп, жасанды интеллект түзген ғылыми мәтіндерге, поэзиялық мәтіндердің талдануына дәйектелуі зерттеу тұжырымдарының жаңалық сипатын көрсетеді. 7.4. Кең. Зерттеу барысында анықталған семантикалық-коммуникативтік аспектіні ашуға негізделген модельдер жүйесі осы саладағы зерттеу тәжірибесінде кеңінен қолдануда негіз болады. 7.5. Ия. Қазақ және ноғай тілдеріндегі заттанған есімшелердің семантизациясы // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – № 2 (118). – Б. 128-138.
			6-ереже.	7.1. Дәлелденген. Зерттеу нысанының заманауи лингвистика талаптарына сай қарастырылуы заттанған сөздердің коммуникативтік аспектісін қазақ поэзиясындағы, паремиологиясындағы, ЖИ дайындаған ғылыми мәтіндеріндегі заттану құбылысының жиілік көрсеткішін анықтау арқылы дәлелденген. 7.2. Тривиалды емес.

			7.3. Ия. Заттану құбылысын құрылымдық жүйеде ғана емес, оның сөзжасамдық болмысын функционалды, семантикалық, коммуникативтік тұрғыдан көркем мәтіндерде, ғылыми мәтіндерде (ЖИ) зерттеудің жаңалық сипатын көрсетеді. 7.4. Кең. Зерттеу тәжірибесінде және ЖИ-ге қатысты зерттеу үдерісін дамытуда кеңінен қолданыла алады. 7.5. Ия. Analysis of modern strategies for using artificial intelligence technologies in the creation of fantasy content. Digital Scholarship in the Humanities, 2025, 1–13 https://doi.org/10.1093/llc/fqae090 Developing a Bilingual Linguistic Identity through the Written Scientific Texts Creation. Developing a bilingual linguistic identity through the written scientific texts creation. Language Teaching Research Quarterly, 47, 214-235. https://doi.org/10.32038/ltrq.2025.47.12 Issues of Norm and Usage in Kazakh Texts on Social Network // Qutty Bilik, *2*(2), 2025, 66-78 б. https://doi.org/10.71078/1z6x2j67
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	«Қазақ сөзжасамындағы заттану: семантикалық коммуникативтік аспект» тақырыбында диссертациялық зерттеу жұмысының әдіснамасы сөзжасам, аталым, семантика, функционалды грамматика, когнитивтік лингвистиканың теориялық тұжырымдарына негізделген. Зерттеу барысында 2269 заттанған бірліктердің талдануы арқылы дәйектелген. Қалыптасқан әдіс-тәсілдермен қатар семантикалық және контекстік, статистикалық талдау әдістері қолданылған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия**;	
		2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Заттанған тілдік бірліктердің қолданыс жиілігін айқындау үшін жасанды интеллект (Open AI компаниясы әзірлеген ChatGPT моделі) құрастырған ғылыми мәтіндерде кездесетін заттанған сөздердің жиілік көрсеткіші анықталған. Зерттеу нәтижелері 2 сурет, 5 сызба, 7 кесте арқылы көрсетілген.
		1) **ия**;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеудің эксперименттік бөлімінде жасанды интеллект арқылы түзілген 3 түрлі ғылым саласы бойынша 30 мәтін сандық талдау әдісі негізінде қарастырылып, олардағы заттанған сөздердің жиілік көрсеткіші анықталған.
		1) **ия**;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Заттану құбылысына алғаш назар аударған қазақ тіл біліміндегі А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбановтан бастап, А.Ысқақов, Н.Оралбай, С.Исаев, А.Салқынбай, О.Жұбаева, С.Саменова т.б. ғалымдардың сөзжасам мәселесіне қатысты ғылыми тұжырымдарына сілтеме жасалып, диссертация түйіндері расталып отырады. Сонымен бірге диссертант өзіндік ғылыми тұжырым-түйіндерінің ғылыми-әдістемелік базасы ретінде Н.А. Баскаков, Э.В. Севортян, В.В. Виноградов, Н.Д. Арютинова, А. Потебня т.б. ғалымдардың танымдық,

			окказионалдық, функционалдық аспектілерге қатысты еңбектеріне қажетті тұстарда сілтеме жасап отырады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде көрсетілген 151 еңбек тақырыпқа қатысты зерттеулерді жеткілікті деңгейде қамтиды.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы қазақ тіл біліміндегі зат есім сөзжасамының арнайы және кешенді түрде зерттеліп, оның семантикалық және коммуникативтік тұрғыдан айқындалуында. Зерттеу барысында қол жеткен нәтижелер қазақ тіл біліміндегі сөзжасам теориясы мен оған сабақтас функционалды, когнитивті және прагматикалық лингвистика салаларының дамып, кеңеюіне өзіндік үлес қоса алады.
		1) **бар**;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертация қазақ грамматикасында сөзжасам саласын қалыптастыру мен оқыту үдеріс тәжірибесінде қолдануға және заттану үдерісі мен функционалды, танымдық, окказионалдық, контекстік, мағыналарын талдауға көмектесе алады.
		1) **ия**;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациядағы зерттеу нәтижесіндегі төмендегі практикалық ұсыныстарды жаңа деп санаймыз: 1) заттану үдерісіндегі қысқарту, ықшамдау, үнемдеу, т.б. құбылыстардың сабақтас қарастырылуы; 2) заттану үдерісін сөзжасам мен номинация сабақтастығында қарап, заттанған сөзді екіншілік номинация көрінісі деп қарауы; 3) көркем мәтіндерді, паремиологиялық жүйені, табу мен эвфемизмдерді зерттеуге қатысты танымдық, коммуникативтік талдаулар жасауы; 4) заттанған сөздерді құрамына қарай 2-ге,
		1) **толығымен жаңа**;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			тқлғасына қарай 2-ге, заттану дәрежесіне қарай 2-ге бөліп қарастыруы (44-45 б.); 5) зерттеу жұмысының практикалық ұсыныстары заттану үдерісінің семантикалық және коммуникативтік негіздерін ашатын модельдері: 1) толық заттанған есімшелердің семантикалық топтарына қарай 13 модель ұсынған (57-63 б.); 2) толық заттанған қимыл есімдерінің семантикалық топтарына қарай 7 модель ұсынған (65-66 б.); 3) сын есімнің заттануынан жасалған атаулардың 7 моделі ұсынылған (80-87 б.); 4) сан есімнің заттануына байланысты, негізінен, контекстік дәрежедегі 4 моделі көрсетілген (97 б.). Бұл ұсыныстардың жаңалығының практикалық құндылығы заттану үдерісінің кешенді зерттелуінің танымдық және антропоөзектік тұрғыдан теориялық негізімен астасып, дәйектелуінде деп білеміз.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **<u>жоғары</u>**; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Ақжігітова Аққибат Орақбайқызының «Қазақ сөзжасамындағы заттану: семантикалық-коммуникативтік аспект» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының жазу және рәсімдеу сапасын академиялық талапқа сай жоғары деп бағалаймыз. Философия докторы (PhD) диссертацияна қойылатын талапқа сай ғылыми стилі жатық, зерттеу мазмұнының тұтас логикалық жүйесі сақталған, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан сауатты жазылған.
11.	Диссертацияға ескертулер		1) Зерттеу мазмұнын талдау барысында тиімді қолданылған заттандыру тәсілдері (лексико-грамматикалық), синтаксистік (атаулы сөйлем жасау, дерексіздену, метафоралану сияқты) функционалдық қызметіне қатысты атап көрсетілсе, заттану үдерісін зерттеудің әдіснамасын толықтыра түсер еді;

			2) Заттану үдерісінің бейнелі мағына жасау тәсілі ретіндегі және контекстік, дискурстық талдауларға қатысты поэзия тілін талдаудың барысында қазақ филологиясындағы Қ.Жұмалиев, Р.Сыздық т.б. тұжырымдарына болашақта кеңірек тоқталып, назар аударылса деген ұсыныс айтқымыз келеді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Қорғауға ұсынылған тұжырымдар дәйектелген, мақалалар диссертация талаптарына сай ғылыми деңгейде жазылған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Ақжігітова Аққибат Орақбайқызының «Қазақ сөзжасамындағы заттану: семантикалық-коммуникативтік аспект» тақырыбында «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша жазылған философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайық деп санаймыз.

Ресми рецензент:

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж.А. Манкеева**

(аты-жөні)

қолын куәландырамын
«А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» РМК Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімі
«06» 05 2026 ж.

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ «А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ
Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімі
БСН 990240003957